| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | 1. Шаттықшеңбері.<br>2. Шарты дөңгелене тұрғызу:<br>Сәлеметсіз бе, балалар!<br>Қанеки, барлығымыз шаттық шеңберіне тұрайық!<br>- Сәлеметсіз бе, Балалар бірге шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br>- Қайырлы таң, көздерім!<br>-Ояндыңдар ма? (қабақтарын сипайды).<br>-Қайырлы таң, құлақтарым! -Ояндыңдар ма? (құлақтарын сипайды).<br>-Қайырлы таң, қолдарым! -Ояндыңдар ма? (қолдарымен шапалақтайды).<br>-Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояндыңдар ма? (аяқпен жерді тебу).<br>-Қайырлы таң, ұстазым! -Мен ояндым! (Күлімсіреп, күнге қолдарын созады)<br>Тәрбиеленушілер орындарына отырады.<br>- Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қалай деп ойлайсыңдар?<br>Тәрбиеленушілер сабақтық тақырыбын ойланады.<br>Балаларға көмектесіп, тақырыптың атауын атайды және мақсатымен таныстырады.<br>2. Сұрақ-жауап:<br>-Балалар, біз қандай елде тұрамыз?<br>-Қай қалада тұрамыз?<br>-Отан деген не?<br>ҚР туралы мәлімет беру.<br>3. Дыбыстық жаттығулар:<br>4.«Не көріп тұрсың?» дидактикалық ойыны.Күтілетін нәтиже: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі қазақ тіліне тән  қ, ү, дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>-Сөздік:Қазақстан, Астана, егеменді.<br>-Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>-Мен Қазақстанда тұрамын.<br>-Қазақстан-тәуелсіз мемлекет.<br>-Қазақстан егеменді ел.<br>-Астана-бас қала.<br>5. Сергіту сәті .<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы.<br>Еңбек ортақ, жер ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүремз. |

| | |
|---|---|
| | (Е.Елубаев)<br>6. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Міндеті: Көрнекіліктермен түсініктерін дамыту.<br>Күтілетін нәтиже:Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады, оларды көпше түрде қолданады.<br>Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды.<br>Балалар, қуыршақпен қоштасатын кез келді. Оның кетпес бұрын іс әрекеттің басында қойылған мақсаттарды еске түсірейік. - Дене мүшереімен таныстық па? Оларды қайтала. - Оларға қалай қарауымыз керек? - Жақсы балалар! Ендеше мен де сендермен қоштасамын. Балалар мұғаліммен қоштасады.<br>Сау болыңыздар! |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М.
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 21.12.23

| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | . |
| **Баламен жеке жұмыс** өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады | Жаттығу:<br>Тік жүреміз, бұрылыс.<br>Оңға ма, солға ма?<br>Дың–дың – қоңыраумын,<br>Дың–Дың– соғыламын.<br>Мені тыңда, жол табамын. | | | Аппақ, аппақ – бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бор аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ,<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br>(Е.Өтетілеуұлы) | |
| **Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.** | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету. | | | | |
| **«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50** | | | | | |
| **«Гүлдер» ересек тобы** | **«Алақай қыс келді»**<br>1**. Шаттық шеңбері**<br>- Сәлеместсіңдер ме!<br>Қайырлы күн,балалар!<br>Күніміз сәтті болсын!<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Қар жауады<br>Балалар өлеңді еске түсіреді, қайталайды<br>Сұрақтараға жауап береді.<br>-Қазір қыс мезгілі.<br>-Қыста адамдар жылы киімдерін киеді.<br>-Қыста ҚР-ның тәуелсіздігі және Жаңа жыл мерекелері болады.<br>-Желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>2.**Суретпен жұмыс**.Балалар өз ойын білдіруге баулу.Қыс қызығы суреттері. Түстерін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. | | | | |

| | |
|---|---|
| | - Балалар қыс мезгілінде қалай ойнаймыз? - Күн суық. Қар жауды. Балалар шана, шаңғы, коньки теуіп жүр. Аққала жасады. Қыс қызығы тамаша!<br>3. **Дыбыстық жаттығулар**:**қ, ү** дыбыстарын анық айтуға үйрету. ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар-ақ-ақ-ақ-аппақ,ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, -қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, -ғы-ғы-ғы-шаңғы, үн-үн-күн,<br>4.**Дәптермен жұмыс.** Салынған суретті нүкте арқылы қосып, түсіне қарай бояу.<br>5. **Меңгерілетін** сөздер: қыс,қар, аққала, шана, шаңғы, қар, күн, қыс қызығы,<br>6**Жұмбақ шешу.**<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады. (қар)<br>**Тақпақ жаттау**<br>. Аппақ, аппақ – бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бор аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ,<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br>(Е.Өтетілеуұлы)<br>7.**«Сұрақ- жауап» дидактикалық ойыны.**Мақсаты: сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздер мен сөйлемдерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.<br>Шанамен зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтың,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың!<br>-Қыста не жауады.<br>-Қар қандай?<br>-Балалар не теуіп жүр?<br>8. **«Аққала» ойыны.** Шарты: тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған,аққаланың жетіспейтін бөлігін тауып, көзін жұмып барып, жабыстыру.<br>Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Алақай қыс келді»**<br>1. Шаттық шеңбері.<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>2.-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыста адамдар қалай киенеді?<br>-Қыста қандай мерекелер болады?-Қандай ойындар ойнаймыз?<br>3**.Жұмбақ жасыру.** |

| | |
|---|---|
| | Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады. (қар)<br>*4.***Дыбыстық жаттығулар:**Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br>-ақ-ақ-ақ- аппақ<br>-қа-қа-қа-аққала<br>-на-на-на-шана<br>-ғы-ғы-ғы-шанғы<br>5**. Меңгерілетін сөздер:** қыс,қар, аққала, шана, шаңғы.<br>**Фонетикалық жаттығу:**  қазақ тіліне тән қ, ү дыбыстарын дұрыс айтуға баулу.<br>6. **«Аққала» ойыны.** Шарты: тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған,аққаланың жетіспейтін бөлігін тауып, көзін жұмып барып, жабыстыру.<br>Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады.Айтылған сөзді меңгеріп тыңдайды. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 28.12.23

| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| **Баламен жекежұмыс:** қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады: | Тақпақ жаттату:<br>Жапалақтап ақша қар<br>Жауды күнде қайталап<br>Қырға шықты балалар<br>Шаңғыларын арқалап | | | Дыбыстық жаттығулыр:<br>-Ыс- ыс- ыс келіп жетті қыс<br>-Ар- ар -ар жауады қар<br>-Ран- ран- ран соғады боран | |
| **Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.** | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау» | | | | |
| **«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50** | | | | | |
| **«Гүлдер»<br>ересек тобы** | **«Қыс қызығы»**<br>**1. Шаттық шеңбері**<br>Кел, достарым келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Дұрыс айтасыңдар<br>-Қыс мезгілінің айларын атаңыздаршы<br>-Желтоқсан,қаңтар,ақпан.<br>Меңгерілетін сөздер:Қыс,қар,аққала,жаңа жыл.<br>Дыбыстық жаттығулыр:<br>-Ыс- ыс- ыс келіп жетті қыс<br>-Ар- ар -ар жауады қар<br>-Ран- ран- ран соғады боран<br>Қар сияқты табиғат құбылыстары жайында, қысқы ойын түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңілкүйлерін білдіруге үйрету. Қазақ тілін түсінуге, «қысқы ойындар» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қуыршақ Дана, қыстың келгенін білдіретін көңіл-күйді жеткізетін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташатемптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш.<br>Дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы<br>Ғажайып сәт. "Дананың киімдерін ата!"<br>"Қыс қызығы" сергіту сәті (іс-қимылдарын келтіріп өлең жолдарын айту. "Қолғаптардан ұлпа қарларды тазалау"<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балалар картаға назар аударып мұғаліммен бірге саяхатқа шығады. Суреттерді тамашалайды. Сурет бойынша сөйлем құрастырылады. Суреттен қыс мезгілін көріп тұрмыз.Аққала жасаған балалар,өте көңілді.<br>Демонстрациялық сурет: биіктіктері әртүрлі екі ағаш бейнеленген, ағаш басында, жерде көп қар, әр ағаштың алдында қардан тазаланған еңдері әртүрлі екі жол жатыр. Көру арқылы әңгімені модельдеу "Балалар қармен қалай ойнады". - таудан сырғиды; - шана сүйреп,күшікті сырғанатады; - конькимен келеді. - қарды лақтыру. - екі бала құшақтасып, жымияды; - қолғаппен қар ұшқының ұстап алу; - аққалаға қардан шар жасап жүр; - шаңғымен келеді; Сондай-ақ бөлек сондай суретті-сызбалар. Түрлі қарқындағы ырғақтағы әуен аудиотаспалары. Әңгіменің желісін бейнелейтін демонстрациялық сюжетті сурет. Суретті-сызба - аула сыпырушы қар тазалап жүр. "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұптарын құрауға арналған сөздік жаттығу. "Биік - аласа. Тар - кең". Ым-ишара мен тақпақтау негізінде сөздік жұмыс. "Мынаумен не істейміз?". Суретті-сызба негізінде елестету арқылы әңгімені оқу. "Балалар қармен қалай ойнады". Көру арқылы әңгімені модельдеу "Балалар қармен қалай ойнады". Естуге және артикуляцияға арналған жаттығу.<br>**Тақпақ жаттату:**<br>**Жапалақтап ақ қар**<br>**Жауды күнде қайталап**<br>**Қырға шықты балалар**<br>**Шаңғыларын арқалап.**<br>**Балалармен қоштасу.Сау болыңыздар.** |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Қыс қызығы»**<br>**1. Шаттық шеңбері**<br>Кел, достарым келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Амандасу.Қалдарын сұрау.<br>Жыл мезгілін, апта күнін сұрау. Меңгерілетін сөздер:Қыс,қар,аққала,жаңа жыл.<br>Дыбыстық жаттығулыр:<br>-Ыс- ыс- ыс келіп жетті қыс<br>-Ар- ар -ар жауады қар<br>-Ран- ран- ран соғады боран<br>Қар сияқты табиғат құбылыстары жайында, қысқы ойын түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңілкүйлерін |

| | |
|---|---|
| | білдіруге үйрету. Қазақ тілін түсінуге, «қысқы ойындар» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.<br>Қуыршақ Дана, қыстың келгенін білдіретін көңіл-күйді жеткізетін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташатемптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш.<br>Дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы<br>Ғажайып сәт. "Дананың киімдерін ата!"<br>"Қыс қызығы" сергіту сәті (іс-қимылдарын келтіріп өлең жолдарын айту. "Қолғаптардан ұлпа қарларды тазалау"<br>Суретпен жұмыс.Қыс мезгілі.Балалар өте көңілді аққала жасауда.Кей бабалар шанамен сырғанауда.<br>Мнемокесте арқылы мақал мәтел.<br>Қыстың қамын жаз ойла.<br>Тақпақ айтқызу.<br>Жапалақтап ақша қар<br>Жауды күнде қайталап<br>Қырға шықты балалар<br>Шаңғыларн арқалап.<br>Балалармен қоштасу.Сау болыңыздар! |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 04.01.24

| | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| **Баламен жеке жұмыс** | Мақал мәтел жаттау.<br>Отан –қуат, Отбасы –шуақ. | | | Өлеңдер жаттау<br>Әжем, менің мейірімді,<br>Әкем, менің қайратты.<br>Анам, менің әдемі.<br>Тату өскен ұл-қызы,<br>Жарасымды отбасым. | |
| **Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.** | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау» | | | | |
| **«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50** | | | | | |
| **«Гүлдер»<br>ересек топтары** | 1.**Шаттық шеңбері.**<br>Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Атам менің ақылды<br>Әжем менің мейрімді,<br>Әкем менің қайратты,<br>Анам менің әдемі.<br>Тату өскен ұл, қызы<br>Жарасымды отбасым.<br>2.**Суретпен жұмыс.**<br>Отбасы, отбасындағы еңбек туралы суреттер. Суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>3. **«Менің отбасым»** тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>4. **Дыбыстық жаттығулар**: а-а-а – ана, ә-ә-ә – әке, а-а-а-ата, ә-ә-ә-әже<br>5. **Меңгерілетін сөздер:** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.<br>6. **Сергіту сәті .**<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «отбасы», «ата», «әже», «әке», «ана» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу.<br>7.**Ойын:**«Мен секілді қайтала». Күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттар атауларын айтуға, түсінуге дағдыландыру.<br>**Сөздікпен жұмыс:** Отбасы , ата , әже , әке, ана , аға , апа , іні , сіңлі, нағашы, жиен, бөле, жеңге, жезде | | | | |

| | |
|---|---|
| | 8. **Дидактикалық ойын: «Бұл кімнің отбасы?» Мақсаты:** Жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Мақсаты:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | 1**. Шаттық шеңбері.** Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық,<br>Таза ауадан салайық,<br>Достық мейрін салайық,<br>Жүрек жылуын салайық,<br>Осы жақсы лебіздерді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>2.**Суретпен жұмыс**.Отбасы мүшелері туралы түсіндіру.<br>3. «Менің отбасым» сөздік ойыны.<br>Шарты: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі қазақ тіліне тән ә дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>3. **Дыбыстық жаттығулар:**<br>от-от-от- отбасы, та-та-та-тату, ә-ә-әке, ә-ә-әже<br>**Сөздікпен жұмыс:** Отбасы , ата , әже , әке, ана , аға , апа , іні , сіңлі,бөпе<br>4. **Сергіту сәті .** «Біз нешеуміз»<br>5. **Ойын:** «Суретті ата» **Мақсаты:** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.<br>6. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Балалар біздер отбасымыздың суреттерін ретімен қойып шығайық.Отбасында жасы үлкен ата әжелеріміз тағы кімдер бар екен? Қайсысың жақсы суретші екенсіңдер.<br>Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды. |
| **Күтілетін нәтиже** | Өз бауырларын аға әпкелерін отбасы сөздерін үйренді |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 11.01.24

| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| **Баламен жеке жұмыс** | Жаңылтпаш жаттау.<br>Қыста құлағым үсіп кетті,Үсіп, ісіп кетті. | | | Жұмбақтар шешу<br>Қолы мен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады көп.<br>(Аяз) | |
| **Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.** | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау» | | | | |
| **«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50** | | | | | |
| **«Гүлдер»<br>ересек топтары** | Балалар **шаттық шеңберіне**<br>дөңгелене тұрып**:**<br>**-** Армысыз, Алтын күн!<br>- Армысыз, қайырымды Аспан-ата!<br>- Армысыз, мейірімді Жер-ана!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Қуанайық, шаттанайық бәріміз!<br>2.**Суретпен жұмыс.**<br>Қыс мезгілі туралы суреттер. Суретке қарап әңгіме құрастыру.<br>3. **«Қыс мезгілі»** тақырыбында әңгімелесу, қарым-қатынас дағдыларын игеру..<br>4. **Дыбыстық жаттығулар**: ыс-ыс- қыс, боранды қыс<br>5. **Меңгерілетін сөздер:** Қыс, аяз, боран<br>6. **Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «жел», «тербеледі», «өседі» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу.<br>7. **Дидактикалық ойын:** «Кім не біледі?».<br>**Мақсаты:** Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>8. **Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап».Күтілетін нәтиже**: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап | | | | |

| | |
|---|---|
| | бере алады..<br>Балалармен қоштасу. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | 1**. Шаттық шеңбері.** Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық,<br>Таза ауадан салайық,<br>Достық мейрін салайық,<br>Жүрек жылуын салайық,<br>Осы жақсы лебіздерді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>2.**Суретпен жұмыс.**Қыс мезгілі ерекшеліктері туралы әңгімелеу.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу<br>3. **Дыбыстық жаттығулар:** ыс- ыс- қыс, ан-ан -боран, яз-яз-аяз<br>4**.** **Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>5. **Ойын:** «Тыңда, көрсет, қайтала» **Мақсаты:** өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>6. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Балалар қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Суреттерді ретімен қойып шығайық.<br>Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды.<br>7. **Ойын:** «Түстерін ата» Күтілетін нәтиже: қыс мезгілін толық ажыратып қай мезгілдер екенің атай алады.<br>Балалармен қоштасу. |
| **Күтілетін нәтиже** | Сөздерді дұрыс айтады, олардың айтылуын тыңдайды, сөйлемдерді байланыстырып құрай алады. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 18.01.24

| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| **Баламен жекежұмыс** | «Жаңылтпаш»<br>Көк тырна, көк тырна,<br>Тыраулап тек көп тұрма. | | | Қысты жақсы көреміз<br>Қармен күліп ойнаймыз<br>Бір топ бала жиналып<br>Аққаланы саламыз | |
| **Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.** | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау» | | | | |
| **«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50** | | | | | |
| **«Гүлдер»<br>ересек топтары** | 1. Шаттық шеңберіне шақырамын.<br>Сәлеметсіз бе жарық Күн!<br>СәлеметсізбекөкАспан!<br>СәлеметсіңдермеДостарым!<br>Сендердікөрсемқуанам!<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Аптаның қай күні?<br>2.**Суретпен жұмыс**. Суретке қарап өткен тақырыптар сұрақтарына жауап береді.<br>Жаңа жылды қарсы алып,<br>Барлық бала ән салып.<br>Ақшақар жүр би билеп,<br>Қол соғады барша жұрт.<br>Шыршамыз да керемет,<br>Ойыншықтар тағылған.<br>Алыс жақтан келіп тұр,<br>Аяз ата сағынған.<br>3. **«Жаңа жыл»** тақырыбында шағын әңгіме құрастыру.<br>4. **Дыбыстық жаттығулар:қ, ү** дыбыстарын анық айту жаттығуларын қайталау.<br>5. **Меңгерілетін сөздер:** жаңа жыл, аққала, ақшақар,сыйлықтар, аяз ата, жалмауыз кемпір, шырша, қысқы орман<br>**Сахналық қойылым.** Эмоционалдық көңіл-күйді жеткізе білуге баулу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | «Шанамен зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жаңа жылдық шыршаны және қысқы орманның суреттерін көрсету.<br>- Балалар, шыршаны қандай мерекеде безендіреді?<br>- Жаңа жыл мерекесіне кімдер келеді?<br>- Шыршаға нелер іледі?<br>- Аяз Ата бізге не алып келеді?<br>**Тосын сәт:** Есікті қағып, шанасын сүйреп Аққала кіреді.(көңілсіз)<br>- Аяз Ата мен Ақшақар мерекелік кешке кетті, шанаға барлық сыйлықтарды салып, алып келерсің деген. Бірақ сыйлықтардың барлығын жалмауыз кемпір ұрлап кетті. Енді Аяз Ата мен Ақшақарға не айтамын, көп балалар бізден сыйлық күтіп отыр.<br>- Балалар, Аққалаға қалай көмектессек екен?<br>- Дұрыс, балалар, біз сыйлықтар салатын қорапшалар суретін салып берейік. Ал Аяз Ата сиқырлы таяғымен түртіп қалғанда, олар шын сыйлыққа толы қорапқа айналып кетеді.<br>**Күтілетін нәтиже: қ, ү** дыбыстарын анық айта алады.<br>6. **Сергіту сәті .**<br>Оңға, оңға түзу тұр.<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары - төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>**Сөздік ойын.**<br>«Аязата мен Ақшақар ..... әкелді».<br>Сұрақ-жауап.<br>-Жаңа Жылда саған Аязата не әкелді?<br>-Аязатаға өлең, тақпақ айтып бердің бе?<br>Балалармен қоштасу. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | 1. **Шаттық шеңбері**. Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн біз көңілді баламыз,<br>Қайырлы күн сәлемдесіп аламыз.<br>Сәлеметсіз бе!<br>2. **Жаңа жыл өлеңі жазылған үнтаспа қойылады.** |

| | |
|---|---|
| | -Балалар, бұл қандай өлең?<br>Жарайсыңдар балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміздің тақырыбы: «Қош келдің,Жаңа жыл»<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде ауа–райы қандай болады?<br>- Қыс мезгілі ерекшеліктері қандай?<br>-Қыс қандай мерекелер болады?<br>3. **«Қайтала» сөздік ойыны.**<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі қазақ тіліне тән қ, ү дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>3. **Дыбыстық жаттығулар:**ыс-ыс-қыс, ақ-ақ-аппақ қар,үл-үл-үлкен үй,үн-үн – жарқырады күн.<br>4. **Сергіту сәті .**<br>Өлең оқып беру.<br>Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>Жаңа жылда жаңа жыр!<br>Жасыл шырша жанында,<br>Билеп барлық бала жүр. 5. Сөздік ойын.<br>«Аязата мен Ақшақар ..... әкелді».<br>Сұрақ-жауап.<br>-Жаңа Жылда саған Аязата не әкелді?<br>-Аязатаға әлең, тақпақ айтып бердің бе?<br>Мақсаты: Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>Балалармен қоштасу. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  25.01.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>Баламен жеке  жұмыс</td><td colspan="3">Жаңылтпаш жаттау.<br>Айнала, айнала,  Айналуы айнала,   Айналма, әй бала.<br>Тақпақ жаттап,   Айтсақ жақсы-ақ,   Жатқа тақпақ   Жатта тақ-тақ.</td><td colspan="2">Күндей жайнап, гүлдей бойлап,<br>Туған жерден нәр алып,<br>Күліп ойнап, күнде тойлап,<br>Өскен біздің балалық.</td></tr>
<tr><td>Қазақ  тілі пәні  бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық»  (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі)  9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="5">«Менің туған өлкем»<br>1. Шаттық  шеңбері.<br>Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық,<br>Таза ауадан салайық,<br>Достық мейрін салайық,<br>Жүрек жылуын салайық,<br>Осы жақсы лебіздерді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>2.Суретпен жұмыс. « Қалаға саяхат»Мақсаты: Сурет бойынша 4-5 сөйлеммен сипаттауға, оқиғаны ойлап табуға баулу. Сурет бойынша балаларды өз қаласы туралы түсіндіру, таныстыру, көрікті жерлерін атай білуге талпындыру, тіл мәдениетін жетілдіріп, мақтаныш сезімін ұялату, сөздік қорларын байыту. Суретке қарап шағын әңгіме құрастырады.<br>3. Үнтаспадан қалалар туралы тыңдатып еске түсірту.<br>4.Фотосуреттер, слайд арқылы қала көшелерін тамашалайды. Көліктер туралы әңгімелесу.<br>5. Меңгерілетін сөздер:  қала– город, әдемі – красивый, гүлзар – газон, бұрқақ–фонтан, сарай– дворец, саябақ–парк, ескерткіш– памятник, машина, автобус.<br>6. Дыбыстық жаттығулар: Ұ,Ү дыбыстарын анық, дұрыс айтуға үйрету. -ә–ә–ә–әсем,  мі–мі–мі–әдемі, на–на–на – машина, бус–бус–бус–автобус,ше-ше-көше, қақ-қақ- су бұрқақ, па-па-үнтаспа, лік-лік-көлік, ла-ла-қала, ке-ке-өлке</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | **7. Тақпақ тыңдату, қайталату.**<br>Екі үлкен қала бар<br>Қазақстан жерінде.<br>Алматы мен Астана<br>Менің туған елімде.<br>Көрнекті суреттер арқылы сөздік жұмысын жүргізу.<br>**8. Сергіту сәті.**<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,Балан үйрек,Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қойыңа бар!<br>Сен тұр – жылқыңа бар!<br>Сен тұр – ешкіңе бар!<br>Сен тұр – сиырыңа бар!<br>Сен тұр – түйеңе бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Менің туған өлкем»**<br>Балалар шаттық шеңберінде<br>дөңгелене тұрып**:**<br>- Армысыз, Алтын күн!<br>- Армысыз, қайырымды Аспан-ата!<br>- Армысыз, мейірімді Жер-ана!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Қуанайық, шаттанайық бәріміз!<br>**2.Суретпен жұмыс**. **Мақсаты:** Сурет мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге және өзбетімен қайталап айтуға баулу.Қала, көлік түрлері туралы суреттер. Суретке қарап әңгіме құрастыру. Қаладағы көлік түрлерімен таныстыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуды қадағалау.Әдептілікке, тәрбиелікке баулу.Қала тыныш тіршілігімен танысып, алған білімдерін бекіту<br>3. «Менің қалам» тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>**4. Дыбыстық жаттығулар:** -ә–ә–ә–әсем, мі–мі–мі–әдемі, на–на–на –машина, бус–бус–бус–автобус,ше-ше-көше, қақ-қақ- су бұрқақ, па-па-үнтаспа, лік-лік-көлік, ла-ла-қала, ке-ке-өлке<br>**5. Меңгерілетін сөздер:** қала– город, әдемі – красивый, гүлзар – газон, бұрқақ–фонтан, сарай– дворец, саябақ–парк, ескерткіш– памятник, машина, автобус.<br>**6. Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар, |

| | |
|---|---|
| | Үп-үлкен боп өседі.<br>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «жел», «тербеледі», «өседі» деген сөздермен сөздік жұмыстарын жүргізу.<br>**7. Дидактикалық ойын:** «Кім не біледі?».<br>**Күтілетін нәтиже**: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі қазақ тіліне тән ә, қ, ү, і, ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>***Сұрақ–жауап***<br>–Біз қай қалада тұрамыз?<br>–Орал қандай қала?<br>–Орал қаласының көшелері қандай?<br>–Қандай көліктер жүреді?<br>**8. Дидактикалық ойын**: «Бұл не?» Мақсаты: сөздерді сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар суреттегі бейнеленген заттарды қазақ тілінде айта алады. Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарды дұрыс айтады.<br>Балалармен қоштасу. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 01.02.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>Баламен жеке жұмыс:<br>қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады:</td><td colspan="2">Ек-ек-ек, қар күрейді күрек,<br>На-на-на, , қар тасыды машина,<br>Са- са-са, зырғанақ жаса,<br>Ек-ек-ек, бұл қыстағы еңбек;</td><td colspan="3">Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.</td></tr>
<tr><td>Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="5">Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Қыс мезгілінің неше айы бар?<br>Үш айы бар; желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>Ауа - райы қандай болып тұр?<br>Балаларға жаңа ҰОІ түсіндіру.<br>Біз бүгін еңбек жайлы білетін боламыз.<br>Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек және көктемгі еңбек болып бөлінеді.<br>Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері бар екен.<br>Қысқы еңбек түрлерімен таныстырады және оларды кімдер атқаратынын айтып түсіндіреді. -Қыстыгүні көше мен аулалардың қарын күреп тазалау, ал ауылда егістік алқаптарында қар тоқтату жұмыстары жүргізіледі.Қала көшелерінде машиналардың жеңіл әрі жылдам жүруі үшін адамдар арнайы машиналармен қарды күреп тазалайды.Құрғақшылық жиі кездесетін аймақтарда қар тоқтату әдісі қолданылады.Қар тоқтату-топырақта ылғалдық біршама қорын жинап, еніс өнімділігін арттыратын жұмыс түрі.<br>Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.<br>-Айнала қандай?<br>-Қар қандай?<br>-Ал мұз ше?</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | -Ауа қандай?<br>-Терезелерде не бар?<br>Қыс қандай болады? (қарлы,боранды,аязды)<br>Қыста аулада қай құсты кездестіруге болады?<br>-Яғни, мұның барлығы қай кезде болады?<br>(балалардың жауабы)<br>Қазір қыстың нағыз ортасы. Бұл мезгілді сықырлауық қыс немесе жалтыр қыс деп те атайды сен білесің бе?<br>Иә білемін  айнала ақ көрпеге оранып, тап-таза күйге енеді.<br>Ал біз болсақ, қыстан, аяздан қорықпаймыз. Жылы киініп, шанамен сырғанап, шаңғы тебеміз.<br>**Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады?**<br>Жерді қар басады.Өзенді мұз басады.<br>Құстар ән салмайды.Ағаштар өспейді.<br>Жәндіктер тығылып қалады.<br>Адамдар қалың киінеді.<br>**Қыс айлары жайлы біз не білеміз?.**<br>Желтоқсан-жыл аяғы қыстың басы ол,суық,ызғарлы болады.<br>Қаңтар-Жыл басы қыстың ортасы ол ең қарлы ай.Бұл айда қатты суық,үскірік аяз болады.<br>Ақпан -жел мен боранның айы.Бұл айда ең ауыр,әрі суық дүлей борандар болады.<br><br>**Суретпен жұмыс.** Тақтадан еңбек туралы суреттерді көрсетіп түсіндіру, сұраққа жауаптар алу.<br>«Сөйлемді аяқта»<br>1.Қырау басқан ……(әйнек,ағаштар)<br>2.Балалар аққала…..(Жасады,жасап ойнады)<br>3.Қар жапалақтап …….(Жауып тұр,жауады)<br><br>**3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ек-ек-ек, қар күрейді күрек,<br>На-на-на, , қар тасыды машина,<br>Са- са-са, зырғанақ жаса,<br>Ек-ек-ек, бұл қыстағы еңбек;<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ү**  дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**Сергіту сәтін жасайық.**<br> Тонса біздің қолымыз<br>Қолғап киіп, аламыз<br>Сарт – сарт шапалақ соғамыз<br> Тонса біздің аяғымыз,<br>Еттік киіп аламыз<br> Топ – топ, топылдап, билейміз,<br>Тонса біздің денеміз |

| | |
|---|---|
| | Тонды киіп, аламыз<br>Зу –зу зу-зу Шанамен зулаймыз.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** қар, көше, сырғанау,күрек, аяз;<br>**5.Мақал жаттауға ( суретті мақал)**<br>Еңбектің наны тәтті,<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>6.**Тақпақ жаттау:**<br>Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>**7. Дидактикалық ойын:** «Артығын тап».Шарты: суреттен еңбек құралдарын тауып, оларды қоршап сызады.Артық заттарды туып айтады: шана, шаңғы, малақай.<br>**8.Қорытындылау:**<br>Бүгін біз не туралы айттық? Қандай еңбек түрлерімен таныстық?<br>Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Еңбек»**<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Балалар жылдың қай мезгілі?<br>Қыс.<br>Қыс мезгілінің неше айы бар?<br>Үш айы бар; желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>Ауа - райы қандай болып тұр?<br>Балаларға жаңа ҰОІ түсіндіру.<br>Біз бүгін еңбек жайлы білетін боламыз.<br>Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек және көктемгі еңбек болып бөлінеді.<br>Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері бар екен.<br>Қысқы еңбек түрлерімен таныстырады және оларды кімдер атқаратынын айтып түсіндіреді. -Қыстыгүні көше мен аулалардың қарын күреп тазалау, ал ауылда егістік алқаптарында қар тоқтату жұмыстары жүргізіледі.Қала көшелерінде машиналардың жеңіл әрі жылдам жүруі үшін адамдар арнайы машиналармен қарды күреп тазалайды.Құрғақшылық жиі кездесетін аймақтарда қар тоқтату әдісі қолданылады.Қар тоқтату-топырақта ылғалдық біршама қорын жинап, еніс өнімділігін арттыратын жұмыс түрі.<br>2.Сурет бойынша «Қысқы еңбек» тақырыбында балаларды қатыстырып, әңгіме жүргізеді. |

| | |
|---|---|
| | Еңбек дегеніміз – адамның өмір сүруі үшін қажетті іс – әрекеттер.<br>- Еңбек түрлерін білесіңдер ме?<br>- Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсыңдар ма?.<br>**Суретпен жұмыс.** Тақтадан еңбек туралы суреттерді көрсетіп түсіндіру, сұраққа жауаптар алу.<br>«Сөйлемді аяқта»<br>1.Қырау басқан ……(әйнек,ағаштар)<br>2.Балалар аққала…..(Жасады,жасап ойнады)<br>3.Қар жапалақтап …….(Жауып тұр,жауады)<br><br>**3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ек-ек-ек, қар күрейді күрек,<br>На-на-на, , қар тасыды машина,<br>Са- са-са, зырғанақ жаса,<br>Ек-ек-ек, бұл қыстағы еңбек;<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ү** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**Сергіту сәтін жасайық.**<br>Боран соқты оң жақтан,<br>Боран соқты сол жақтан<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғапта<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** қар, көше, аяз, күрек;<br>**5.Мақал жаттауға ( суретті мақал)**<br>Еңбектің наны тәтті,<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>**6. Дидактикалық ойын:** «Артығын тап».Шарты: суреттен еңбек құралдарын тауып, оларды қоршап сызады.Артық заттарды туып айтады: күрек, қар, сызғыш.<br>«Ұқсастығын тап»<br>Мұз жылтыр не сияқты?<br>Қар ақ не сияқты?<br>**8.Қорытындылау:**<br>Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  08.02.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>Баламен жеке жұмыс:<br>қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады</td><td colspan="2">Аз-аз-аз, білім берген ұстаз,<br>Ер-ер-ер, емдейді бізді дәрігер,<br>Шы-шы-шы, үйлер салар құрылысшы,<br>Қыш-қыш-қыш, ғарышқа ұшар ұшқыш</td><td colspan="3">Ұлағатты атанған,<br>Ұстаз болғым келеді<br>Бармағынан бал тамған<br>Аспаз болғым келеді</td></tr>
<tr><td>Қазақ  тілі пәні  бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық»  (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі)  9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="5">«Мамандықтар»<br>1. Шаттық шеңбері:<br>Сәлем дейміз достарға,<br>Сәлем дейміз құрдасқа.<br>Сәлем дейміз ұстазға,<br>Сәлем дейміз қонаққа.<br>Айымыз ашық болсын!<br>Туымыз биік болсын!<br>Халқымыз тату болсын!<br>Балалар аман болсын!<br>-Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-3 айды атап айтып берейікші?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Апта күндерін атайық?<br>-Балалар біздер өткен ұйымдастырылған оқу қызметімізде қандай тақырыппен таныстық?<br>«Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады.<br>Біз бүгін мамандық иелері туралы өтеміз.<br>Барлық мамандар өмірде өте қажет екен.<br>Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық иелерімен<br>кездесесіңдер?</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Директор, тәрбиеші, т.көмекшісі, медбике, аспазшы.<br>**Суретпен жұмыс. «Мамандықтар» суреттері**.<br>(Тақтаға әртүрлі мамандықтар суреті ілінеді).<br>- Бұл қалада әртүрлі мамандық иелері тұрады.<br>Аспаз - ең басты мамандықтардың бірі.<br>Безендіріп үстелді,<br>Тәтті тамақ пісірер.<br>Аспаз дәмді тамақтың қаншама түрін пісіреді.<br>Сендерге қандай тамақ түрлері ұнайды?<br>- Құрылысшылар зәулім үйлерді тұрғызады. Олардың бірі кірпіш қаласа,бірі ауыр жүктерді кранмен жеткізіп тұрады.<br>Енді бірі дайын болған үйлердің есік-терезесін сырлайды.<br>Жүргізуші дегеніміз-көлік түрлерін жүргізетін адам. Мысалы: автобус жүргізушісі т.б.<br>**3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>Аз-аз-аз, білім берген ұстаз,<br>Ер-ер-ер, емдейді бізді дәрігер,<br>Шы-шы-шы, үйлер салар құрылысшы,<br>Қыш-қыш-қыш, ғарышқа ұшар ұшқыш<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, сатушы, жүргізуші, тәртіп сақшысы;<br>**5.Жұмбақ шешу:**<br>Адамның жүзін,<br>Басы мен көзін.<br>Айнытпай келбетін,<br>Салатын кім суретін?<br>(Суретші)<br>Күміс қанат, сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім дейді?<br>(Ұшқыш)<br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес, бірақ ол.<br>Дәм мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады ол.<br>(Аспаз)<br>6.**Тақпақ жаттау:**<br>Ұлағатты атанған,<br>Ұстаз болғым келеді |

| | |
|---|---|
| | Бармағынан бал тамған<br>Аспаз болғым келеді<br>**7. Дидактикалық ойын:** «Қажетті зат» Мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар мен киімді сәйкестендіру;<br>**8.Қорытындылау:**<br>**Жұмбақтар шешіп көрейік.**<br>- Ішті де, тісті де емдейтін кімдер?<br>- Тәп-тәтті тамағы, астардың маманы?<br>- Кірпіштен, бетоннан үй тұрғызған кім?<br>- Әдемі көйлек тіктім, шебер болып шықтым?<br>- Қай мамандық сендерге ұнады?<br>- Өскенде кім болғыларың келеді? .Балалармен қоштасу.<br><br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Мамандықтар»**<br>**1.** Шаттық шеңбері:<br>Сәлем дейміз достарға,<br>Сәлем дейміз құрдасқа.<br>Сәлем дейміз ұстазға,<br>Сәлем дейміз қонаққа.<br>Айымыз ашық болсын!<br>Туымыз биік болсын!<br>Халқымыз тату болсын!<br>Балалар аман болсын!<br>-Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-3 айды атап айтып берейікші?<br>-Бір аптада неше күн бар?<br>-Апта күндерін атайық?<br>-Балалар біздер өткен ұйымдастырылған оқу қызметімізде қандай тақырыппен таныстық?<br>«Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады.<br>Біз бүгін мамандық иелері туралы өтеміз.<br>Барлық мамандар өмірде өте қажет екен.<br>Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық иелерімен<br>кездесесіңдер?<br>Директор, тәрбиеші, т.көмекшісі, медбике, аспазшы.<br>**Суретпен жұмыс. «Мамандықтар» суреттері**.<br>(Тақтаға әртүрлі мамандықтар суреті ілінеді).<br>- Бұл қалада әртүрлі мамандық иелері тұрады. |

| | |
|---|---|
| | Аспаз - ең басты мамандықтардың бірі.<br>Безендіріп үстелді,<br>Тәтті тамақ пісірер.<br>Аспаз дәмді тамақтың қаншама түрін пісіреді.<br>Сендерге қандай тамақ түрлері ұнайды?<br>- Құрылысшылар зәулім үйлерді тұрғызады. Олардың бірі кірпіш қаласа,бірі ауыр жүктерді кранмен жеткізіп тұрады. Енді бірі дайын болған үйлердің есік-терезесін сырлайды.<br>Жүргізуші дегеніміз-көлік түрлерін жүргізетін адам. Мысалы: автобус жүргізушісі т.б.<br>**3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>Аз-аз-аз, білім берген ұстаз,<br>Ер-ер-ер, емдейді бізді дәрігер,<br>Шы-шы-шы, үйлер салар құрылысшы,<br>Қыш-қыш-қыш, ғарышқа ұшар ұшқыш<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,**<br>**Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, сатушы, ж.ргізуші, өрт сөндіруші, құрылысшы, тәртіп сақшысы;<br>**5.Жұмбақ шешу:**<br>Алатаяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған,<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(полиция)<br>Адамның жүзін,<br>Басы мен көзін.<br>Айнытпай келбетін,<br>Салатын кім суретін?<br>(Суретші)<br>Күміс қанат, сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім дейді?<br>(Ұшқыш)<br>Өрнектеп, сәндеп,<br>Тігістерін бүгетін.<br>Солпысын жөндеп,<br>Кім көйлек тігетін?<br>(Тігінші) |

| | |
|---|---|
| | Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес, бірақ ол.<br>Дәм мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады ол.<br>(Аспаз)<br><br>6.**Тақпақ жаттау:**<br>Ұлағатты атанған,<br>Ұстаз болғым келеді<br>Бармағынан бал тамған<br>Аспаз болғым келеді<br>**7. Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір»** Мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар сәйкестендіру;<br>**8.Қорытындылау:**<br>**Жұмбақтар шешіп көрейік.**<br>- Ішті де, тісті де емдейтін кімдер?<br>- Тәп-тәтті тамағы, астардың маманы?<br>- Қай мамандық сендерге ұнады?<br>- Өскенде кім болғыларың келеді? .<br>Балалармен қоштасу. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 15.02.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>Баламен жеке жұмыс: қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады:</td><td colspan="2">Ғыш-ғыш-ғыш, үй жинайтын шаңсорғыш,<br>Ша-ша-ша, бұл кір жуғыш машина,<br>Ік-ік-ік, киім үтіктер ұтік,<br>Қыш-қыш-қыш, сапалы тоңазытқыш.</td><td colspan="3">Ғаламторды біледі,<br>Желіге де кіреді.<br>Кез келгеннің қолында,<br>Бір телефон жүреді.</td></tr>
<tr><td>Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50</td></tr>
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Жабайы жануарлар»**<br>**1. Шаттық шеңбері**<br>- Сәлеместсіңдер ме!<br>Қайырлы таң ұстазым<br>Қайырлы таң достарым<br>Шеңберге тұрайық<br>Жылулық сыйлайық.<br>Балалар кім айтады қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ал көктемнің қай айы?<br>Сәуір айында қандай мерекелер бар?<br>Бүгін балалар ғарышкерлердің мерекесі, он екінші сәуір ғарышкерлер күні, биыл ғарышқа ұшқан күнге 53 жыл болды. Бүкіл халық бүгін мерекені тойлап жатыр. Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.<br>Жерде болса тұрағым,<br>Марсқа ұшып тұрамын.<br>\ғарышкер\<br>Олай болса балалар ғарышқа ұшатын адамды кім дейміз?<br>Балалар ғарышқа не үшін ұшады?<br>Иә, аспан әлемін, планетаны, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.<br>Слайд: аспан әлемі<br>Ең бірінші болып ғарышқа кім ұшты:<br>Юри Гагарин (слайд)<br>Ал қазақ жерлерінен кімдер ұшты?<br>Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев (слайд).<br>Ал балалар ғарышқа не арқылы ұшады?<br>Зымыран қалай ұшады? (слайд )<br>Балалар сендер қалай ойлайсыңдар ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма?<br>Иә шығады, өйткені олар жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетанызерттеп ашық аспанда жүреді.<br>***Слайд ғарыштағы сурет.***<br>Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.<br>Балалар ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?<br>Жоқ оларға әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда солай әкелінеді, соны сығып жейді. Балалар сендер ғарышкер болғыларың келеме?<br>**Сергіту жаттығу:** Білесіңдер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз орнымыздан тұрып |

| | |
|---|---|
| | жаттығу жасап алайық. Әуен арқылы жаттығу жасату.<br>Космодром-зымырандар ұшатын орынды ғарыш айлағы.<br>Скафандр-арнайы киім.<br>-Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.<br>Күміс қанат сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі<br>Кеткен жанды кім дейді<br>Шешуін табыңыздар. (Ғарыш. Ғарышкер.)<br>**3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ыш-ыш-ыщ, бұл дегенім ғарыш,<br>Кер-кер-кер, Айға ұшты ғарышкер,<br>Ға-ға-ға, алыстарға самға,<br>Ыз-ыз-ыз, жарқырайды жұлдыз<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ы, Ғ, З** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** ғарыш, ғарышкер;<br>***5. Жаттау:***<br>Жерде болса тұрағым,<br>Марсқа ұшып тұрамын.<br>\ғарышкер\<br>***7. Ойын: «Ұшты-ұшты»***<br>«Ұшты-ұшты» зымыран ұшты.<br>«Ұшты-ұшты» қалам ұшты.<br>«Ұшты-ұшты» торғай ұшты.<br>«Ұшты-ұшты» кітап ұшты.<br>**8.**Балалармен қоштасу. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  18.04.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>Баламен жеке жұмыс өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады:</td><td colspan="3">Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктем<br>Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп  (үш рет қайталау)</td><td colspan="2">Тақпақ жаттау<br>Көктем келіп қуанып,<br>Бір бір көшет қадаймыз<br>Ұя жасап ұқыптап,<br>Еңбекті біз қолдаймыз.</td></tr>
<tr><td>Қазақ  тілі пәні  бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық»  (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі)  9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="5">«Көктемгі еңбек»<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>– Балалар, сендердің күлімдеген жүздеріңді көргеніме өте қуаныштымын. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз сәтті өтсін деп тілеп, барлығыңды шаттық шеңберіне шақырамын.<br>«Мейірімді жүрек»<br>Шарты: Балалар үлкен шеңбер құрып отырады.<br>Тәрбиеші жүрекшені ұстап тұрып:<br>«Балалардың мейірімді жүрегі,<br>Адамдарға бақыт, шаттық тіледі» – деп, көршісіне жылы сөздер айту қажеттігін түсіндіру.<br>—Ал, балалалар көктемде ауа райында қандай ерекшеліктер болады?<br>Қар ериді<br>Күн мен түн теңеседі.<br>Ағаштар бүршік жарады.<br>Жеңіл киім киеміз.<br>Құстар ұшып келеді.<br>Көктемгі еңбек басталады.<br>-Жарайсыңдар, ал көктем туралы кім тақпақ біледі?<br>-Көктеммезгілініңерекшеліктерінатайықшы?<br>Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: « Көктемгі еңбек»</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Тақырыпқа байланысты бейне жазба көрсету.<br>Еңбектің көптеген түрі бар, соның бірі – көктемдегі еңбек. (Балаларды ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің суреттерімен таныстыру).<br>Бағыттаушы сұрақтар қою:<br>1.Суретте не бейнеленген?<br>2.Адамдар немен айналысып жүр?<br>3.Олар машинаның қай түрімен жұмыс жасап жатыр?<br>4.Не жинап жүр? т.б.<br>Әртүрлі іс-әрекеттегі адамдардың әрқайсысының өздерінің мамандықтары бар екенін айтып түсіндіру.<br>Мысалы: егінші, диқан, шопан, жылқышы, т.б.<br>Ауылшаруашылық өнімдерімен тек қана ауыл емес қаланы да қамтамасыз ететінін айтып өту.<br>Мысалы: ет, сүт,астық, жеміс-жидектер, көкөністер, т.б. Табиғатты қорғау бағытындағы еңбек түрлеріне, ауланы тазалау, арықты аршу, аршу, ағаш түптерін әктеу және т.б. айта аламыз.<br>*Еңбек туралы мақалды қайталау:*<br>*Еңбектің наны тәтті,*<br>*Жалқаудың жаны тәтті.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Алақай,алақай<br>Шаттанады,балақай.<br>Жаңбыр-жаңбыр себелесе,<br>Тырс-тырс етіп төбеме.<br>Найзағай, жарқылда,<br>Сырт-сырт етіпсыртылда.<br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Дыбыстықжаттығу (айнаменорындалады).<br>Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктем<br>Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп<br>Сергітусәті<br>Тербеледіағаштар, Алдымнанжелеседі. Кіп-кішкентайағаштарҮп-үлкенбопөседі.<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.**Ө** дыбысын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** шөп, ағаш, гүл, найзағай, кемпірқосақ;<br>**5.Тақпақ жаттау:**<br>Көктем келіп қуанып,<br>Бір бір көшет қадаймыз<br>Ұя жасап ұқыптап,<br>Еңбекті біз қолдаймыз.<br>7.**Қимылды ойын «Ақ жауын»**<br>-Күн шықты-Шаттанып  қуанады |

| | |
|---|---|
| | -Жаңбыр жауды-Басын бұғады.<br>-Жердегі ақ жауын-Аяғын тарсылдатады.<br>**Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?».**Сөйлемдұрысболса, «иә» депжауапберіпсөйлемдіқайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады.<br>• Көктемде гүл өседі.<br>• Көктемде көгөніс отырғызады..<br>• Көктемде ағаш отырғызады. т.с.с.<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Көктемгі еңбек»**<br>«Сәлем - сөздің анасы» демекші алдымен амандасып алайық.<br>Ұл – қыз сәлем береміз,<br>Өнегелі өренбіз<br>Білер қазақ баласы<br>«Сәлем - сөздің анасы».<br>Сәлеметсіздер ме қонақтар!<br>Шаттық шеңбері:<br>Қандай жақсы бір тұру<br>Қандай жақсы бір жүру,<br>Қандай жақсы дос болу<br>Қандай жақсы көп білу.<br>**Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: « Көктемгі еңбек»**<br>Тақырыпқа байланысты мнемокесте көрсету.<br>- Балалар, суретте қай мезгіл бейнеленген?<br>- Суретте адамдар не істеп жатыр?<br>- Табиғатта қандай өзгерістер бар?<br>**Сергіту сәті:**<br>Алақай,алақай<br>Шаттанады,балақай.<br>Жаңбыр-жаңбыр себелесе,<br>Тырс-тырс етіп төбеме.<br>Найзағай, жарқылда,<br>Сырт-сырт етіпсыртылда.<br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Дыбыстықжаттығу (айнаменорындалады).<br>Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктем<br>Ө-ө-ө-ө-шөп-шөп-шөп<br>Сергітусәті |

| | |
|---|---|
| | Тербеледіағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br> Кіп-кішкентайағаштар<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.**Ө** дыбысын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** гүл, найзағай, кемпірқосақ;;<br>**5.Тақпақ жаттау:**<br>Көктем келіп қуанып,<br>Бір бір көшет қадаймыз<br>Ұя жасап ұқыптап,<br>Еңбекті біз қолдаймыз.<br>6.**Қимылды ойын «Ақ жауын»**<br>-Күн шықты-Шаттанып  қуанады<br>-Жаңбыр жауды-Басын бұғады.<br>-Жердегі ақ жауын-Аяғын тарсылдатады.<br>**7.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  25.04.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады;</td><td colspan="2">Ой-ой-ой, өорада тұр қой,<br>Иыр-иыр-иыр, Мөңірейді сиыр,<br>Қы-қы-қы, кісінейді жылқы,<br>Ие-ие-ие, маң-маң басқан түйе</td><td colspan="3">Тақпақ жаттау<br>Қойдың пірі – Шопаната.<br>Жылқының пірі – Қамбар ата.<br>Түйенің пірі – Ойсыл қара.<br>Сиырдың пірі – Зеңгі баба.<br>Ешкінің пірі – Сексек ата.</td></tr>
<tr><td>Қазақ  тілі пәні  бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық»  (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі)  9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="5">Бүгінгі оқу қызметімізді ізгі ниетпен,жақсы лебізбен бастайық. Шаттық шеңбері:<br>Қане біздер қол ұстасып,<br>Күлімдесіп қарайық.<br>Бір - бірімізге «сәлем» айтып,<br>Шүбірлесіп тарайық.<br>Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: «Төрт түлік және оның пірлері»<br>Балалар, мен жұмбақ жасырайын. Егер жұмбақты шешсеңдер жауабы ретінде төрт түліктің пайдасына тоқталасыңдар.<br>Ащыдан басқа жемейтін,<br>Ыстық шөлде отаны.<br>Шөлдесе су демейтін,<br>Шешуі бұл қай жануар? (түйе)<br>Түйенің пайдасын айтайықшы. Түйенің сүтін шұбат дейді. Шайға қосады, сусын ретінде ішеді, шұбатты ашытады. Ол айраннан сұйық, қымыздан қою. Шұбат - әрі сусын, әрі тамақ. Емдік қасиеті бар. Терісінің де пайдасы адамға көп. Мінсе көлік. Түйе жүнінен жасалған кеудеше жылы болады.<br>Басында таяғы бар,<br>Төрт аяғы бар.<br>Сегіз тұяғы бар,<br>Иегінде сақалы бар<br>Бұл қай жануар? (ешкі)Ешкінің пайдасы ең бірінші жүні. Жүніне қарай ангор деген ерекше түрі бар. Оның жүнінен</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | биялай, күртеше, орамал тоқылады. Сүті өте пайдалы, кішкентай балалрға береді.<br>Аласа ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>Бұл қай жануар? (қой)Қойдың пайдасына келсек, терісі пайдалы, еті тәтті, қойдың жүнінен көрпе, күртеше, қолғап, байпақ тоқиды, киіз басады.<br>Екі айнасы бар,<br>Төрт тармағы бар.<br>Бір шыбыртқысы бар,<br>Қай жануар? (сиыр): Сиырдың ерекшелігі сүтті өте көп береді. Сүтінен тәтті айран, құрт, ірімшік, май жасайды. Жайлауда жайылғанды ұнатады.<br>**Жарайсыңдар, балалар. Енді төрт түліктің төлдерін қалай атайтынын көрейік.**<br>Сиыр төлі – бұзау<br>Жылқы төлі – құлын<br>Ешкі төлі - лақ<br>Қой төлі – бота<br>**Сергіту сәті:**<br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ой-ой-ой, өорада тұр қой,<br>Иыр-иыр-иыр, Мөңірейді сиыр,<br>Қы-қы-қы, кісінейді жылқы,<br>Ие-ие-ие, маң-маң басқан түйе<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ,**Ы, І, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**қозы, қой, лақ, ешкі, бұзау, жылқы, құлын<br>**5.Тақпақ жаттау**<br>Қойдың пірі – Шопаната.<br>Жылқының пірі – Қамбар ата.<br>Түйенің пірі – Ойсыл қара.<br>Сиырдың пірі – Зеңгі баба.<br>Ешкінің пірі – Сексек ата.<br>**Д/О «Қай жануардың дыбысы?»**<br>Мақсаты: аудиожазба арқылы үй жануарларын табу;<br>7. Дидактикалық ойын. «Не, қайда өмір сүреді?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, жылдамдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>-. Ендеше алдарындағы үлестірмелі материалдан төрт түліктің мекендеу орнын байланыстырамыз.<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| | Бүгінгі оқу қызметімізді ізгі ниетпен,жақсы лебізбен бастайық. Шаттық шеңбері: |

| | |
|---|---|
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | Қане біздер қол ұстасып,<br>Күлімдесіп қарайық.<br>Бір - бірімізге «сәлем» айтып,<br>Шүбірлесіп тарайық.<br>***Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: «Төрт түлік және оның пірлері»***<br>Балалар, мен жұмбақ жасырайын. Егер жұмбақты шешсеңдер жауабы ретінде төрт түліктің пайдасына тоқталасыңдар.<br>Ащыдан басқа жемейтін,<br>Ыстық шөлде отаны.<br>Шөлдесе су демейтін,<br>Шешуі бұл қай жануар? (түйе)<br>Түйенің пайдасын айтайықшы. Түйенің сүтін шұбат дейді. Шайға қосады, сусын ретінде ішеді, шұбатты ашытады. Ол айраннан сұйық, қымыздан қою. Шұбат - әрі сусын, әрі тамақ. Емдік қасиеті бар. Терісінің де пайдасы адамға көп. Мінсе көлік. Түйе жүнінен жасалған кеудеше жылы болады.<br>Басында таяғы бар,<br>Төрт аяғы бар.<br>Сегіз тұяғы бар,<br>Иегінде сақалы бар<br>Бұл қай жануар? (ешкі)Ешкінің пайдасы ең бірінші жүні. Жүніне қарай ангор деген ерекше түрі бар. Оның жүнінен биялай, күртеше, орамал тоқылады. Сүті өте пайдалы, кішкентай балалрға береді.<br>Аласа ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>Бұл қай жануар? (қой)Қойдың пайдасына келсек, терісі пайдалы, еті тәтті, қойдың жүнінен көрпе, күртеше, қолғап, байпақ тоқиды, киіз басады.<br>Екі айнасы бар,<br>Төрт тармағы бар.<br>Бір шыбыртқысы бар,<br>Қай жануар? (сиыр): Сиырдың ерекшелігі сүтті өте көп береді. Сүтінен тәтті айран, құрт, ірімшік, май жасайды. Жайлауда жайылғанды ұнатады.<br>**Жарайсыңдар, балалар. Енді төрт түліктің төлдерін қалай атайтынын көрейік.**<br>Сиыр төлі – бұзау<br>Жылқы төлі – құлын<br>Ешкі төлі - лақ<br>Қой төлі – бота<br>**Сергіту сәті:**<br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ой-ой-ой, өорада тұр қой,<br>Иыр-иыр-иыр, Мөңірейді сиыр,<br>Қы-қы-қы, кісінейді жылқы, |

| | |
|---|---|
| | Ие-ие-ие, маң-маң басқан түйе<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ,**Ы, І,** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**қозы, қой, лақ, ешкі<br>**5.Төлді жаттау:**<br>Сиыр төлі – бұзау<br>Жылқы төлі – құлын<br>Ешкі төлі - лақ<br>Қой төлі – бота<br>**Д/О «Қай жануардың дыбысы?»**<br>Мақсаты: аудиожазба арқылы үй жануарларын табу;<br>7. Дидактикалық ойын. «Төрт түлікті тап»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, жылдамдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>- Міне балалар, алдарыңа берілген үлестірме қағаздан тек төрт түлік малды ғана тауып, қоршайсыздар...<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 02.05.24

| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| Баламен жеке жұмыс өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады: | Я - ян - ян секеңдеген ақ қоян<br>- Ю – ю - ю қорбаңдаған аю<br>- Кі - кі - кі бұл айлакер түлкі<br>- Қыр - қыр - қыр бұл көкжал қасқыр | | | **Тақпақ жаттау**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы – қырлы жерлермен<br>Ытқып – ытқып жүгірді | |
| **Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.** | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету. | | | | |
| **«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50** | | | | | |
| | **«Жабайы жануарлар»** | | | | |

| | |
|---|---|
| **«Гүлдер»**<br>**ересек тобы** | **1. Шаттық шеңбері**<br>! - Сәлеместсіңдер ме!<br>Қайырлы таң ұстазым<br>Қайырлы таң достарым<br>Шеңберге тұрайық<br>Жылулық сыйлайық.<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды;<br>Олай болса бүгінгі оқу қызметімізді бастайық.<br>- Балалар біз алдыңғы ҰОІ қандай үй жануарларымен  таныстық?<br>- Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?<br>- Үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын ата, олардың ұқсастықтары неде?<br>**Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: « Жабайы жануарлар»**<br>Тақырыпқа байланысты бейне жазба көрсету.<br>- Жабайы жануарлар қайда мекендейді балалар?<br>- Немен қоректенеді?-<br>Қасқыр - өздерінен кіші жануарға шабады.<br>Түлкі - ұсақ аңдармен тышқандармен қоректенеді.<br>Коян - шөптермен қоректенеді, сүйікті тамағы сәбіз.<br>Аю - жазда жеміс - жидектермен, балықпен және де балды жақсы көреді, ал қыста ұйықтайды.<br>Жабайы жануарлар елсіз далада болады. Табиғатта жабайы жануарлардың түрі көп. Олардың ішінде пайдасы да, зияндысы да бар. Жабайы жануарлардың да балдары болады. Олар өздерінің балдарын жақсы көреді.<br>- Қасқырдың баласы - бөлтірік.<br>- Қоянның баласы - көжек.<br>- Аю баласы - қонжық.<br>- Түлкі баласы - мышан<br>- Қасқыр мен түлкі жыртқыш жануарлар. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді. Олар қыста ұйықтамайды. Өз азықтарын, өздері тауып жейді.<br>Ал аюға келетін болсақ аюды екі түрі бар. Ақ аю, қоңыр аю. Ақ аю – суда мекендейді. Ал қоңыр аю, тоғайда орманда мекендейді.<br>Қоян – ең қорқақ жануар. Қоян ағаштардың қуысында қыстайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Балалар сіздер шаршаған шығарсыңдар бір серігіп алайық. Ендеше музыка әуенімен қимыл қозғалыс жасаймыз.<br>**2.Суретпен жұмыс. «Жануарлар әлемі» сурет**і.<br>«Жабайы  аңдарды сипаттау»<br>1. Аю - жыртқыш аң, бірақ ешкімге тиіспейді. Аюдың екі түрі болады ақ және сұр. Ақ аю суда, салқын жерлерде |

| | |
|---|---|
| | мекендейді. Сұр аю орманда мекендейді. Жазда жеміс - жидек тереді. Аюлар күзде май жинайды, ал қыс бойы апанда, алақанын сорып ұйықтайды. Аюлар тоңғандықтан емес, жейтін қорегі таусылғаннан кейін ұйықтайды. Орманда мекендейді.<br>- Аю туралы қандай ертегі білесің?<br>2. Түлкі - ақылды, жыртқыш аң. Түлкінің терісі бағалы. Терісінен тымақ тігеді. Оны «түлкітымақ» дейді. Түлкі қыста ұйықтамайды. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан ақ иісінен сезеді. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман есен құтыла алады. Сондықтан түлкіні қу дейміз. Түлкі інде тұрады. орманда мекендейді.<br>- Түлкі қандай ертегілерде кездеседі?<br>3. Тиін орманда тіршілік ететін кішкентай ғана жануар. Ол ағаш қуысында тұрады, жаз бойы қуысына жаңғақтар, саңырауқұлақтар жинайды, қыс болғанда жинаған азығымен қоректенеді. Тиіннің балаларын тиін деп атайды. Тиынның отызға дейін ұясы болуы мүмкін, әр ұяға ол жаңғақ, саңырауқұлақ шыршаның бүршіктерін жинайды. тиін қыста ұйықтамайды.<br>4. Қоян - қорқақ аң, орманда мекендейді. Қояндардың жауы көп. Сондықтанда қояндар күзде түлейді сұр жүні түсіп орнына ақ жүндер өседі себебі, қыста жылы аппақ үлпілдек тон киеді. Сол жылы тонының арқасында суыққа тоңбайды. Оларды қыста ақ қардан ажырату қиын - ақ. Қояндар өздеріне үйшік дайындамайды, қысқа азық жинамайды.<br>Қоян ағаштардың қуысында қыстайды.<br>- Қоян нені жақсы көреді?<br>5. Арыстан - үлкен, мықты, әдемі үлпілдек жүні бар. Оның тістері және тұяқтары өткір. Ол жылдам жүгіреді. Арыстанның басы денесіне қарағанда үлкен. Арыстан көздеген жемтігін құрығына түсіріп, қанжығасы майланғанда ақырып, айбат шегетін жалғыз аң сондықтан оны аң патшасы дейміз. Арыстан ыстық елде мекендейді.<br>- Арыстанды ертегілерде не деп атайды?<br>6. Қасқыр - жыртқыш аң. Тістері өткір, көздері қырағы жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан ақ иісінен сезеді. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Олар қыста ұйықтамайды. Орманда қасқыр үңгірде мекендейді.<br>Суретте не бейнелегенін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау.<br>**3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>- Я - ян - ян секеңдеген ақ қоян<br>- Ю – ю - ю қорбаңдаған аю<br>- Кі - кі - кі бұл айлакер түлкі<br>- Қыр - қыр - қыр бұл көкжал қасқыр<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ,**Ы, І, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, кірпі;<br>**5. Тақпақ жаттау**<br>Ұзын құлақ сұр қоян |

| | |
|---|---|
| | Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы – қырлы жерлермен<br>Ытқып – ытқып жүгірді<br>7. **Д/ О: «Бауырсақ» ертегісіндегі аңдарды ретімен орналастыр.**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, жылдамдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>- Міне балалар тақтамен жұмыс жасап жабайы жануарларды таптық. Ендеше алдарындағы үлестірмелі материалдан жабай жануарларды тауып қоршаймыз.<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«Жабайы жануарлар»**<br>**1. Шаттық шеңбері**<br>! - Сәлеместсіңдер ме!<br>Қайырлы таң ұстазым<br>Қайырлы таң достарым<br>Шеңберге тұрайық<br>Жылулық сыйлайық.<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды;<br>Олай болса бүгінгі оқу қызметімізді бастайық.<br>- Балалар біз алдыңғы ҰОІ қандай үй жануарларымен таныстық?<br>- Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?<br>- Үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын ата, олардың ұқсастықтары неде?<br>**Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: « Жабайы жануарлар»**<br>Тақырыпқа байланысты бейне жазба көрсету.<br>- Жабайы жануарлар қайда мекендейді балалар?<br>- Немен қоректенеді?-<br>Қасқыр - өздерінен кіші жануарға шабады.<br>Түлкі - ұсақ аңдармен тышқандармен қоректенеді.<br>Коян - шөптермен қоректенеді, сүйікті тамағы сәбіз.<br>Аю - жазда жеміс - жидектермен, балықпен және де балды жақсы көреді, ал қыста ұйықтайды.<br>Жабайы жануарлар елсіз далада болады. Табиғатта жабайы жануарлардың түрі көп. Олардың ішінде пайдасы да, зияндысы да бар.<br>Балалар сіздер шаршаған шығарсыңдар бір серігіп алайық. Ендеше музыка әуенімен қимыл қозғалыс жасаймыз.<br>**2.Суретпен жұмыс. «Жануарлар әлемі» сурет**і.<br>«Жабайы аңдарды сипаттау»<br>Суретте не бейнелегенін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау. |

| | |
|---|---|
| | **3. Дыбыстық жаттығулар:**<br>- Я - ян - ян секеңдеген ақ қоян<br>- Ю –  ю - ю қорбаңдаған аю<br>- Кі - кі - кі бұл айлакер түлкі<br>- Қыр - қыр - қыр бұл көкжал қасқыр<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ы, І, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**аю, түлкі, қасқыр, қоян;<br>**5. Тақпақ жаттау**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы – қырлы жерлермен<br>Ытқып – ытқып жүгірді<br>7. Д/ О: « Бұл қай аң?»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, жылдамдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>- Міне балалар тақтамен жұмыс жасап жабайы жануарларды таптық. Ендеше алдарындағы үлестірмелі материалдан жабай жануарларды тауып қоршаймыз.<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  09.05.24
Демалыс күні

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  16.05.24

| Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| Баламен жеке жұмыс | Мерейі асқақ ағалар,<br>Арта берсін берекең.<br>Келіп жеткен бүгінгі,<br>Құтты болсын мерекең | | | . Дыбыстық жаттығулар:<br>Ер-ер-ер Жауынгер<br>Тем-тем -тем Келді көктем<br>Ыр- ыр- ыр жауады жаңбыр | |
| Қазақ  тілі пәні  бойынша | Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау» | | | | |

| | |
|---|---|
| тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы. | |
| «Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50 | |
| **«Гүлдер»**<br>ересек тобы | 1. Шаттық шеңбері<br>Кел, достарым келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Амандасу.Қалдарын сұрау.<br>Жыл мезгілін, апта күнін сұрау.<br>Өткен тақырыпты еске алу, өткен сөздерді қайталау<br>Дыбыстық жаттығулар:<br>Ер-ер-ер Жауынгер<br>Тем-тем -тем Келді көктем<br>Ыр- ыр- ыр жауады жаңбыр<br>.Меңгерілетін сөздер: Отан,туған жер<br>Балаларға Отан туралы түсінік беру.<br>«Мақал - мәтел» Отан оттан да ыстық.<br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ел болмас.<br>Дидактикалық ойын "Кім көп біледі"<br>Дидактикалық ойын "Сиқырлы текше"<br>2.Суретпен жұмыс.<br>8. Дидактикалықойын "Керісіншеата" Карточкамен жұмыс.<br>Хороммен бірге қайталайды,Отан,жауынгер,туған жер.<br>Санамақ жаттау. Интонациямен айтуға баулу.<br>Екі аяқпен жүремін,<br>Екі көзбен көремін<br>Екі қолым бар менің<br>Екеу құлақ білемін.<br>Балалармен қоштасу.<br>Сөздегі қазақ тіліне тән ө, қ дыбысин ойын жаттығуларында дұрыс айта алады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | 1. Шаттық шеңбері.<br>Шаттық шеңберіне дөңгелене тұрғызу:<br>Сәлеметсіз бе, балалар!<br>және мақсатымен таныстырады.<br>-Бүгін іс әрекетінде сендер Отан қорғаушылармен танысасыздар. Отан құрғаушылар дегеніміз кімдер деп |

| | |
|---|---|
| | ойлайсыздар?<br>Әрине дұрыс айтасыздар біздің ағаларымыз.<br>Балалар мұғалімнің сөзін тыңдап, сабақтың тақырыбы Қанеки, барлығымыз шаттық шеңберіне тұрайық!<br>- Балалар бірге шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br>- Қайырлы таң, көздерім!<br>-Ояндыңдар ма? (қабақтарын сипайды).<br>-Қайырлы таң, құлақтарым! -Ояндыңдар ма? (құлақтарын сипайды).<br>-Қайырлы таң, қолдарым! -Ояндыңдар ма? (қолдарымен шапалақтайды).<br>-Қайырлы таң, аяқтарым! -Ояндыңдар ма? (аяқпен жерді тебу).<br>-Қайырлы таң, ұстазым! -Мен ояндым! (Күлімсіреп, күнге қолдарын созады)<br>Тәрбиеленушілер орындарына отырады.<br>Меңгерілетін сөздер.Отан,жауынгер,туған жер.<br>Тілдік жаттығу:<br>Тан тан тан Отан<br>Ер ер ер Жауынгер.<br>- Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қалай деп ойлайсыңдар?<br>Тәрбиеленушілер сабақтық тақырыбын ойланады.<br>Балаларға көмектесіп, тақырыптың атауын атайды мен мақсатымен танысады.<br>«Не көріп тұрсың?» дидактикалық ойыны. Шарты: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі қазақ тіліне тән  қ, ө, дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>Мақал мәтел айтқызу<br>Отан оттан да ыстық<br>Бірнеше рет қайталату.<br>Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды.<br>Жарайды балалар бүгінгі іс әрекетіміз аяқталды.Ендеше мен де сендермен қоштасамын. Сау болыңыздар!<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырата біледі, оларды көпше түрде  қолданады. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі:  23.05.24

| **Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек | |
| өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады; | Тем-тем-тем, нұрлы көктем,<br>Ыр-ыр-ыр, көктем айы мамыр,<br>Іс-іс-іс, тойлаймыз жеңіс, | | | **Тақпақ жаттау:**<br>Мәншүк апай батыр қыз<br>Ардақтаймыз атын біз<br>Ұқсап Мәншүк апайға | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Өсіп келе жатырмыз</td></tr>
<tr><td>Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="2">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="3">«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="2">! - Сәлеместсіңдер ме!<br>Қайырлы таң ұстазым<br>Қайырлы таң достарым<br>Шеңберге тұрайық<br>Жылулық сыйлайық.<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Жаңбыр жауады, ағаштар бүршік жарады.;<br>Олай болса бүгінгі оқу қызметімізді бастайық.<br>- Балалар біз алдыңғы ҰОІ қандай таныстық?<br>мендеше,амыр қандай мерекемен таныстық?<br>- Біздің елімізде қандай ұлттар тұрады?<br>- Ендеше, Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: «Қазақтың батыр қыздары»<br>балалар, 9 мамыр – Жеңіс күні. Бүгін біз осы жеңіс сыйлаған әпкелерімізбен танысатын боламыз. Тақырыпқа байланысты бейне жазба көрсету.<br>2.Суретпен жұмыс. «Қазақтың батыр қыздары»суреті.<br>(Мәншүк М, Әлия М, Хиуаз Д суреттерімен таныстырып, олар туралы мәлімет айту)<br>3.Дыбыстық жаттығулар:<br>Тем-тем-тем, нұрлы көктем,<br>Ыр-ыр-ыр, көктем айы мамыр,<br>Іс-іс-іс, тойлаймыз жеңіс,<br>Мақсаты:Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ,Ы, І, Ө дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>4.Меңгерілетін сөздер:батыр, қаһарман, қыздар, жеңіс күні<br>5.Тақпақ жаттау:<br>Мәншүк апай батыр қыз<br>Ардақтаймыз атын біз<br>Ұқсап Мәншүк апайға<br>Өсіп келе жатырмыз<br>7.Д/ О: «Кім көп біледі?» (сары таяқшаны кім бірінші көтереді, сол жауап береді)<br>- Қазақтың батыр қыздары? (Әлия, Мәншүк, Хиуаз)<br>Мәншүктің шын аты ? (Мәнсия)</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | - Батыр деген сөзді қалай түсінесіз?<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | ! - Сәлеместсіңдер ме!<br>Қайырлы таң ұстазым<br>Қайырлы таң достарым<br>Шеңберге тұрайық<br>Жылулық сыйлайық.<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қазір қандай ай?<br>- Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Жаңбыр жауады, ағаштар бүршік жарады.;<br>Олай болса бүгінгі оқу қызметімізді бастайық.<br>- Балалар біз алдыңғы ҰОІ қандай танычтық?<br>мендеше,амыр қандай мерекемен таныстық?<br>- Біздің елімізде қандай ұлттар тұрады?<br>- Ендеше, **Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: «Қазақтың батыр қыздары»**<br>балалар, 9 мамыр – Жеңіс күні. Бүгін біз осы жеңіс сыйлаған әпкелерімізбен танысатын боламыз. Тақырыпқа байланысты бейне жазба көрсету.<br>**2.Суретпен жұмыс. «Қазақтың батыр қыздары»сурет**і.<br>(Мәншүк М, Әлия М, Хиуаз Д суреттерімен таныстырып, олар туралы мәлімет айту)<br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Тем-тем-тем, нұрлы көктем,<br>Ыр-ыр-ыр, көктем айы мамыр,<br>Іс-іс-іс, тойлаймыз жеңіс,<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ы, І, Ө** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:**батыр, қаһарман, қыздар, жеңіс күні<br>**5.Тақпақ жаттау:**<br>Мәншүк апай батыр қыз<br>Ардақтаймыз атын біз<br>Ұқсап Мәншүк апайға<br>Өсіп келе жатырмыз<br>7.Д/ **О: «Ойлан тап» суретте берілген батырға құрал-саймандарды қайсысы қатысты екенін сәйкестендіру;**<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы**
Қазақ тілі мұғалімі:Қуанова Л.М
Білім беру ұйымы «Кәусар»жеке балабақшасы
Құрылу кезеңі: 30.05.24

<table>
<tr><td rowspan="2">Мемлекеттік тілді үйрету бойынша мерекелерге дайындық</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>«Ерке», «Балапан» ортаңғы<br>«Гүлдер» ересек</td><td></td></tr>
<tr><td>өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады:</td><td colspan="3">Аз – аз – аз, Жайдары жаз.<br>Үн – үн – үн Ыстық күн.<br>Ға – ға – ға, Шомыламыз суға.<br>Яқ – яқ – яқ, Жүреміз жалаң аяқ.<br>Иын – иын – иын, Болады көп ойын</td><td colspan="2">Тақпақ жаттау:<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күншуақ</td></tr>
<tr><td>Қазақ тілі пәні бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.</td><td colspan="5">Ата-аналарға арналған кеңес: «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетіндегі жаңа сөздерді қайталау»<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ойнайық та, ойлайық» (кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі) 9.15-11.50</td></tr>
<tr><td>«Гүлдер»<br>ересек тобы</td><td colspan="5">«Амансың ба нұрлы күн!<br>Амансың ба қара жер!<br>Аман – есен болайық!<br>Бейбітшілік қалайық! Амандасу түрлерін көрсетеді.(қолымен, басынан сипалап, бетінен ұстап, құшақтап)<br>- Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.<br>- Айнала қандай?<br>Дала қандай?<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем.<br>-Көктемнен кейін өандай мезгіл?<br>- Жаз.<br>Жаз қандай болады?<br>- көңілді, т.б, Жазда бау - бақшада не өседі?<br>- Яғни, мұның барлығы қай кезде болады? (балалардың жауабы<br>Жылдың төрт мезгілі бар: …, …, …, ….<br>Бір жылда … ай бар.<br>Жаз айлары: …, …, ….<br>Ең ыстық жыл мезгілі: ….<br>Мамыр біткесін жаздың алғашқы айы маусым басталады.<br>- Жазда біз не істейміз?</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Ал біз болсақ, суға түсіп көңілді ойнаймыз. Саябаққа, орманға саяхаттаймыз.<br>- Балалар,  суретке назар аударайық. Суретте не бейнеленген?<br>- Бұл жылдың қай мезгілі?<br>Жазда қандай өзгерістер болады?<br>Бұл жыл мезгілі сендерге немен ұнайды?<br>Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?<br>Жаз айлары жайлы біз не білеміз?. **Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: Алақай, жаз!**<br>Жаз – өте ыстық жыл мезгілі. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда балалар демалады. Олар ауылға, үлкен қалаларға, лагерьге барады. Жазда балалар суға шомылады, күнге күйеді. күйеді. Орман тоғайларға барып, жидек, саңырауқұлақ тереді. Балалар жазды өте жақсы көреді..<br>Жаз – мезгілі өте тамаша жыл мезгілі. Біздің сұлу табиғатымызды көруге, жеріміздің түпкір - түпкірінен демалуға келеді. Жазда балалар суға шомылады<br>***Сергіту сәті:***<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп - кішкене балақан<br>Үп - үлкен боп өседі.<br>**2.** Ендеше, балалар, сіздерге жұмбақ жасырайын.<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып,<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(жаз)<br>**Өте жақсы, дұрыс, балалар. Ендібіз суретпен жұмыс жасап көрейік, ия?**<br>**Суретпен жұмыс. «Жаз айына арналған мнемокесте»сурет**і.<br><br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Аз – аз – аз, Жайдары жаз.<br>Үн – үн – үн Ыстық күн.<br>Ға – ға – ға, Шомыламыз суға.<br>Яқ – яқ – яқ, Жүреміз жалаң аяқ.<br>Иын – иын – иын, Болады көп ойын<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ы, І, Ғ, Ү** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** жаз, маусым, ауа райы, доп;<br>**5.Тақпақ жаттау:**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ, |

| | |
|---|---|
| | Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күншуақ<br>**.Д/ О: «Төрт мезгіл»**<br>Шарты: Берілген суреттерді жыл мезгіліне топтастыру;<br>**Мақсаты:**<br>Жыл бойы өткен мезгілге сәйкес киім үлгісін, ауа-райы өзгерістерін , еңбек түрі бойынша қорытынды жасау;<br>«Күлімде күн!» Түрлі-түсті қағаз қиындыларынан күн құрастыру.<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |
| **«Ерке» ортаңғы тобы**<br>**«Балапан» ортаңғы тобы** | **«**Амансың ба нұрлы күн!<br>Амансың ба қара жер!<br>Аман – есен болайық!<br>Бейбітшілік қалайық! Амандасу түрлерін көрсетеді.(қолымен, басынан сипалап, бетінен ұстап, құшақтап)<br>- Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.<br>- Айнала қандай?<br>Дала қандай?<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем.<br>-Көктемнен кейін өандай мезгіл?<br>- Жаз.<br>Жаз қандай болады?<br>- көңілді, т.б, Жазда бау - бақшада не өседі?<br>- Яғни, мұның барлығы қай кезде болады? (балалардың жауабы<br>Жылдың төрт мезгілі бар: …, …, …, ….<br>Бір жылда … ай бар.<br>Жаз айлары: …, …, ….<br>Ең ыстық жыл мезгілі: ….<br>Мамыр біткесін жаздың алғашқы айы маусым басталады.<br>- Жазда біз не істейміз?<br>Ал біз болсақ, суға түсіп көңілді ойнаймыз. Саябаққа, орманға саяхаттаймыз.<br>- Балалар, суретке назар аударайық. Суретте не бейнеленген?<br>- Бұл жылдың қай мезгілі?<br>Жазда қандай өзгерістер болады?<br>Бұл жыл мезгілі сендерге немен ұнайды?<br>Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?<br>Жаз айлары жайлы біз не білеміз?. **Бүгінгі жана оқу қызметіміздің тақырыбы: Алақай, жаз!**<br>Жаз – өте ыстық жыл мезгілі. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда балалар демалады. Олар ауылға, үлкен қалаларға, лагерьге барады. Жазда балалар суға шомылады, күнге күйеді. |

| | |
|---|---|
| | күйеді. Орман тоғайларға барып, жидек, саңырауқұлақ тереді. Балалар жазды өте жақсы көреді..<br>Жаз – мезгілі өте тамаша жыл мезгілі. Біздің сұлу табиғатымызды көруге, жеріміздің түпкір - түпкірінен демалуға келеді. Жазда балалар суға шомылады<br>***Сергіту сәті:***<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп - кішкене балақан<br>Үп - үлкен боп өседі.<br>**2.** Ендеше, балалар, сіздерге жұмбақ жасырайын.<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып,<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(жаз)<br>**Өте жақсы, дүрыс, балалар. Енді біз суретпен жұмыс жасап көрейік, ия?**<br>**Суретпен жұмыс. «Жаз айына арналған ауа райына арналған мнемокесте»сурет**і.<br>**3.Дыбыстық жаттығулар:**<br>Аз – аз – аз, Жайдары жаз.<br>Үн – үн – үн Ыстық күн.<br>Ға – ға – ға, Шомыламыз суға.<br>Яқ – яқ – яқ, Жүреміз жалаң аяқ.<br>Иын – иын – иын, Болады көп ойын<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстар орнын анықтау.Қ**,Ы, І, Ғ, Ү** дыбыстарын анық айтуға үйрету.<br>**4.Меңгерілетін сөздер:** жаз, маусым, ауа райы, доп;<br>**5.Тақпақ жаттау:**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күншуақ<br>**.Д/ О:** «**Күлімде күн!»** Түрлі-түсті қағаз қиындыларынан күн құрастыру.<br>**8.**Балалармен қоштасу.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. |